

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
базасындағы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру  
саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігінің (ЖБТ) «Педагогикалық  
білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің перспективасы мен  
дамуы» тақырыбындағы кеңейтілген мәжілісінің**

**Хаттамасы**

**14 сәуір 2023 жыл**

**№ 4**

**Алматы қаласы**

**Мәжіліс модераторлары:**

1. ОӘБ-ЖБТ төрағасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Билялов Дархан Нұрланұлы.

2. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Көбенова Гүлзат Исбасарқызы.

3. ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Джарасова Гүлжан Сағидоллақызы

**Қатысқандар:** Педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары, ҚР ҒЖБМ, аккредиттеу органдарының өкілдері және стейкхолдерлер, офлайн – 79, онлайн – 100 адам.

**КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС ШЕШІМДЕРІ**

**1. Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясат туралы**

---

*(Көбенова Г.И.)*

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан әрі - Абай атындағы ҚазҰПУ) ҚР ҒЖБМ, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі, білім басқармалары, НЗМ және Назарбаев университетінің барлық құрылымдарының өкілдерін тарта отырып «Педагогикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасын» практикалық іске асыру жөніндегі жұмысты күшейту және өзгерістер, толықтырулар (қажет болған жағдайда) енгізу ұсынылсын.

2. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестіктері (ЖБТ) базалық педагогикалық білім беру сапасын арттыру және Қазақстанда жаңадан бастаған мұғалімдерді қолдау мақсатында базалық педагогикалық білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді стратегияны әзірлесін және оны білім беру жүйесін реформалау процесінде қозғаушы күшке айналдырсын.

3. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына:

3.1 Студенттік орталықтандырылған оқытуды жүзеге асыру бойынша:

- жұмсақ дағдыларды дамытудың тәртіптік курстары шеңберінде көмектесу;
- жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін әр түрлі білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуі;
- студенттерді алдын-ала белгіленген университеттік келісімдермен шектелмей, мобильді болуға ынталандыру.

3.2 Оқытуды үздіксіз жетілдіруге ықпал ету жолдары:

- оларға көмек көрсетуге немесе өз міндеттерін орындауда оқытуға жауапты ғалымдарды да, қызметкерлерді де қамтитын білім беру топтарын құруға жәрдемдесу;

- оқытушылардың біліктілігін арттыруды және озық тәжірибе алмасуды қолдау;

- түрлендіру үшін тұрақты және қолайлы орта құру, әсіресе цифрлық, сапалы оқыту және білім беру;

- оқытуға және ғылыми зерттеулерге құрмет паритетін қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық шараларды қамтамасыз ету;

- оқытудың жаңа және инновациялық әдістерін енгізуге жәрдемдесу жолдарын зерделеу, көп салалы тәсілдерге, ғылыми зерттеулер негізінде білім беру мен оқытуға, оқыту аналитикасын және ашық білім беруді басқа инновациялық тәсілдермен қатар тиісінше пайдалануға баса назар аудару.

3.3 Білім беру мен оқытудың тиімділігін арттыру үшін жоғары оқу орындары мен жүйелердің әлеуетін нығайту:

- жоғары білім беру саласындағы ұлттық стратегиялар мен тәсілдер шеңберінде білім беру мен оқытуды жетілдіру;

- эмпирикалық зерттеулер, білім беру саласындағы жобалар арқылы білім беру және оқыту саласындағы стратегиялық даму мен инновациялық әлеуетті қолдау;

- инновациялық және жоғары сапалы білім беру және оқыту ортасын құру.

4. Ғылым және жоғары білім Министрлігінің «Педагог» кәсіптік стандартының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының алдына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігіне 6 (алты) кәсіптер карточкасын қоса отырып, «жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының педагогы (ғылыми-педагогикалық қызметкері)» кәсіптік стандарты болып қайта аталуға өтініш жасалсын.

5. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы *Г.И.Көбенованың* ақпараты назарға алынсын.

## **2. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасының негізгі постулаттары**

---

(Нарбекова Б.М.)

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасында 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту Тұжырымдамасының нәтижелеріне қол жеткізу қамтамасыз етілсін.
2. ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының м.а. *Б.М.Нарбекованың* ақпараты назарға алынсын.

## **3.«Білім беру және оқыту» пәндік саласы бойынша QS WUR халықаралық рейтингінің өлшемдері**

---

(Құлсариева А.Т.)

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жоғары оқу орнының стратегиясын айқындау кезінде білім беру және оқыту саласындағы QS World University Rankings by Subject критерийін ескеру ұсынылсын:
  - зерттеу әлеуеті бар санаттардағы пәндердің кең ауқымын таңдау;
  - ЖОО-ның педагогикалық бағытын ескере отырып, Education and Training-ке назар аудару;
  - халықаралық байланыстарды кеңейтуге және шетелдік серіктестерді бірлескен жарияланымдарға тартуға ұмтылу;
  - ПОҚ-ның жарияланымдық белсенділігін үнемі арттырып отыру;
  - педагогикалық зерттеулер үшін қаржылық қолдау көрсету.
2. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры *А.Т.Құлсариеваның* ақпараты назарға алынсын.

## **4.«ҚР педагогикалық әлеуетті күшейту» ДБ жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламалары туралы**

---

(Джарасова Г.С., Жонтаева Ж.А., Жунусова Г., Байдильдина А.М., Кабышева М.О.)

- 1.«ҚР педагогикалық әлеуетін күшейту» ДБ жобасы шеңберінде әзірленген 30 білім беру бағдарламасы қолдануға мақұлданып: Биология, Химия, Жаратылыстану, География, Физика, Математика, Информатика, Цифрлық педагогика (Магистратура), Қазақ тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Орыс тілі мен әдебиеті, Шетел тілдері, Тарих

және қоғамтану, Еңбекке оқыту және кәсіпкерлік негіздері, Көркем білім, Музыкалық білім, Дене шынықтыру және спорт, Арнайы білім (бакалавриат, магистратура), Ерте қолдау педагогикасы, Эрго-Педагогика, Мектепке дейінгі білім беру, Бастауыш білім беру, Әлеуметтік педагогика, Білім берудегі Менеджмент және көшбасшылық (Магистратура), Білім берудегі зерттеулер (Магистратура), Оқыту бағдарламаларының дизайны (Магистратура), Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы (қайта даярлау) - Педагог-кәсіптік бағдарлаушы, Психология, Педагогикалық білім берудің дәйекті моделі (мұғалім мамандығына балама кіру).

2. Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің біліктілікті арттыру бағдарламалары жөніндегі директоры, Дүниежүзілік Банк жобасының негізгі сарапшысы, ҚазҰҚызПУ академиялық бағдарламаларды әзірлеу бөлімінің басшысы, білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры және Абай атындағы ҚазҰПУ академиялық мәселелер жөніндегі проректорының ақпараттары назарға алынсын.

## **5. Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі**

---

*(Өмірбаев С.М.)*

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарында жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің (контент сапасы, контингент сапасы, персонал сапасы, инфрақұрылым сапасы) өлшемшарттары мен көрсеткіштерін қолдану ұсынылсын.

2. «Astana IT University» бірінші проректоры *С.М.Өмірбаевтің* ақпараты назарға алынсын.

## **6. Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандарты туралы**

---

*(Мұқатаев А.А.)*

1. Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандарты Республикалық аккредиттеу кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

2. ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығының директоры *А.А.Мұқатаевтың* ақпараты назарға алынсын.

## **7. Аккредиттеу педагогикалық білім беру сапасын сыртқы қамтамасыз ету жүйесінің құралы ретінде: кейстер және талдау**

---

*(Яновская О.А.)*

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын өңірлік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсынылсын:

1.1 Дәрежелілік деңгейін арттыра отырып, білім беру бағдарламалары бөлінісінде ПОҚ штатын бөлуді сәйкестікке келтіру, іске асырылатын ББ ерекшелігіне қарай ПОҚ-ның сапалы сәйкестігін реттеу.

1.2 ББ мазмұнындағы өңірлік компонентті күшейту және теориялық курстарға тәжірибеге бағдарланған тәсіл беру.

1.3 Басқа елдерден талапкерлерді тарту үшін білім беру бағдарламаларын интернационалдандыруды кеңейту бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспар әзірлеу.

1.4 Аймақтың ерекшелігіне және ұлттық құрамдас бөлікке баса назар аудары отырып, ББ даралығы мен бірегейлігін және білім беру нарығында орналасуын өзектендіру.

1.5 Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын әзірлеу және өзектендіру кезінде еңбек нарығына, сыртқы ортаға, жұмыс берушілердің сұраныстарына жыл сайын мониторинг жүргізу.

2. Педагогикалық бағдарламалардың сапасын қамтамасыз етудің келесі бағдарлары мақұлданын:

- педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және қайта қарауға мектеп педагогтерінің қатысуын жандандыру;

- инновациялық-құзыретті түлектерді даярлау мақсатында оқытудың тәжірибеге бағдарланған бағытын күшейту;

- мета-дағдыларды және soft skills дамыту үшін оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын жаңарту;

- сабақтас мамандықтар бойынша мұғалімдерді даярлау үшін пәнаралық тәсілді енгізу;

- білім беру ұйымдарында педагогтерді даярлау мен орта білім беру саласында енгізілетін инновациялар арасындағы алшақтықты азайту.

3. «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» (IAAR) КЕМ бас директорының кеңесшісі О.А. Яновскаяның ақпараты назарға алынсын.

## **8. Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын талдау**

---

(А.А. Мұхамбетова)

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсынылсын:

1.1 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру процесіне мектептердің, колледждердің педагогтерін тарту; педагогикалық

практиканы ұйымдастыру және оны бағалау кезінде жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру.

1.2 Білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту нәтижелерін мектеп педагогінің кәсіби функцияларына бағдарлай отырып қайта қарау; қолжетімді инклюзивті білім беру үшін академиялық персоналдың цифрлық мүмкіндіктерін дамыту.

1.3 Педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі мен бағалау тетігін (нормативтік талаптарға, кәсіптік стандартқа сәйкестігі; ББ ақпараттық және ресурстық қамтамасыз ету, ПОҚ құзыреттілік деңгейі; білім алушылардан, түлектерден, жұмыс берушілерден сұрау; білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі) қамтамасыз ету.

1.4 Академиялық қоғамдастықпен бағдарламалар мониторингінің нәтижелерін талқылауды жүргізу және оларды білім беру бағдарламаларын өзектендіру, тәжірибе алмасу алаңын құру және білім беру мен оқытудың озық практикасы үшін кіріс дерегі ретінде уақтылы пайдалану.

2. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестіктер (ЖБТ) ББ әзірлеуде басшылыққа алу үшін білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырсын.

3. ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту Ұлттық орталығы жоғары білім беру мазмұнын басқару офисінің басшысы А. А. Мұхамбетованың ақпараты назарға алынсын.

### **9. Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған білім беру, оқыту және бағалау. Педагогикалық білім беруді интернационалдандыру: оқытудың жеке траекториясын күшейту мүмкіндіктері**

---

*(Абдрашева Д.М.)*

1. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестіктерге (ЖБТ):

1.1 «үйді интернационалдандыру» ұғымын ұлттық және институционалдық деңгейде енгізу мүмкіндіктерін зерделеу және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне тиісті ұсыныстар енгізілсін.

1.2 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі алдында білім алушылардың, ПОҚ және ғалымдардың шетелге қозғалысын (ұтқырлық, шетелде толық дәреже) есепке алуды жүргізу, ҚР-да оқу визасын алу қағидаларын жетілдіру (оқу визасының иегерлері үшін еңбек қызметімен айналысуға шектеу енгізу) қажеттігі туралы өтініш жасалсын.

2. «Педагогикалық ғылымдар» саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына:

- 2.1 Білім алушыларды оқытудың мазмұны мен форматын әзірлеуге тарту;
  - 2.2 Білім алушыларға жеке оқу процесін басқаруға мүмкіндік беру;
  - 2.3 Педагогикалық білім беру бағдарламаларына мәдениетаралық коммуникация компоненттерін қосу.
3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытудың жеке траекториясын күшейту мүмкіндігі шеңберінде педагогикалық білім беруді интернационалдандыру бойынша оң тәжірибесі таратылсын.

#### **10.Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау. Білім алушылардың педагогикалық қызметке кәсіби бағдарлануын дамыту тенденциялары**

---

*(Кудышева А.А.)*

1. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестіктерге (ЖБТ):
  - 1.1 Орта білім беру ұйымдарымен және ТЖКБ-мен тығыз ынтымақтастықта білім алушылардың (мектеп-колледж-ЖОО) мансаптық дамуын үздіксіз сүйемелдеу жүйесін әзірлеу;
  - 1.2 Педагогикалық бейіндегі ББ түсушілер үшін түсу емтихандарының құрамдас бөлігі ретінде «жоғары сыныптардағы еңбек тәжірибелерін» қосу мүмкіндігін қарастыру.
2. «Педагогикалық ғылымдар» саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына:
  - 2.1 Түлектердің мансаптық дамуын тұрақты сүйемелдеу мақсатында ЖОО базасында «апгрейд» орталықтарын құру;
  - 2.2 Педагогикалық мамандықтарға қызығушылықты арттыру және іріктеуді күшейту мақсатында мектептермен бірлесіп педагогикалық сыныптар ашу мүмкіндігін қарастыру;
  - 2.3 Бакалавриатта оқу кезеңінде оларды одан әрі тану үшін жоғары сынып оқушыларына бейресми білім беру курстарын ұйымдастыру;
  - 2.4 Жоғары сынып оқушылары үшін болашақ мамандықты таңдау туралы хабардарлығын арттыру мақсатында «Мансаптық өзін-өзі анықтау және университетте/колледжде оқуға дайындық» курсы енгізу.
3. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің білім алушылардың педагогикалық қызметке кәсіби бағдарлануын дамыту бойынша оң тәжірибесі таратылсын.

#### **11.Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы. Оқу нәтижелерін бағалаудағы қолданбалы және пәнаралық құзыретіліктерді өлшеу параметрлері**

---

*(Андрющенко О.К.)*

1. «Педагогикалық ғылымдар» саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына:

1.1 Академиялық саясатта болашақ мұғалімдердің қолданбалы және пәнаралық құзыреттіліктерін бағалау жүйесін қарастыру;

1.2 Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен технологиялары бойынша ПОҚ-ның кәсіби құзыреттілігін үнемі арттыру;

1.3 Пәнаралық білім берудің жоғары деңгейіне жету үшін нақты пәнаралық дағдыларды пысықтауға және пәнаралық оқытуды бағалауға бағытталған оқу мақсаттарын, тапсырмаларды тұжырымдауға жүйелі тәсілді қолдану.

2. Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің оқу нәтижелерін бағалаудағы қолданбалы және пәнаралық құзыреттерді өлшеу бойынша оң тәжірибесі таратылсын.

## **12. Стандарт 6. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері. Мұғалімдерді даярлау және дипломнан кейінгі сүйемелдеудегі ЖЖОКБҰ мен ЖАО-ның өзара әрекеттесуі**

---

*(Чукуров А.Е.)*

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің алдында өтініш жасалсын:

- студентке еңбекақы төлеуді айқындай отырып, 4 курстан бастап тәлімгерлік рәсімін заңнамалық бекіту;

- педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне тәлімгерлік модулін (немесе мамандыққа кіріспе) аяқтағаннан кейін педагогтің білімін бағалауды жүргізу;

- педагогті тәлімгерлікке тарту бойынша көрсеткішті қоса отырып «Үздік педагог» атағын беруге үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне өзгерістер енгізу.

2. Ғылым және жоғары білім министрлігінің алдында республикалық мемлекеттік грантқа конкурс жарияланғанға дейін жергілікті атқарушы органдардың білім беру грантын беруге конкурс өткізуге өтініш жасалсын.

3. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мұғалімдерді даярлау және дипломнан кейінгі сүйемелдеудегі ЖЖОКБҰ мен ЖАО арасындағы өзара әрекеттесуі бойынша оң тәжірибесі таратылсын.

## **13. Оқулықтар мен оқу құралдарын Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы ҚР ҒЖМ РОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы ОӘБ грифіне ұсыну**

---

*(Карбаева Ш. Ш., Шармуханбет С.Р., Сайлыбаева Ж.Ю., Кошербаева А.Н., Нурман Ш.Т., Рабилова З. Ж., Аутаева А.Н.)*

1. РОЭК ОӘБ–ЖБТ жоба командалары басшыларының ақпараттары назарға алынсын.
2. ҚР ҒЖБМ РОЭК Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігі (ЖБТ) грифімен жарық көру үшін баспаға 5 оқулық, 8 оқу құралы ұсынылсын.

Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы  
«Педагогикалық ғылымдар» білім  
беру саласындағы ОӘБ-ЖБТ төрағасы,  
Басқарма Төрағасы-Ректор

 Д. Билялов

Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы  
«Педагогикалық ғылымдар» білім  
беру саласындағы ОӘБ-ЖБТ  
Ғалым-хатшысы



Ұ. Нұрғалиева

